



АЛҒАШҚЫ АСТАНАДАН АЙРЫҚША ТАРТУ

Кеше Астанада Қызылорда облысының елордаға тартуы – зымыран-ғарыш техникасы музейінің ашық экспозициясының таныстырылымы өтті. Жаңа музейдің таныстырылымына Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қатысты.

Қазақстан Президенті экспозиция аумағында Қызылорда облысының жұртшылық өкілдерімен әңгімелесті. Елбасыға ғарыш аппараттарын құрастыру-сынау кешенінің мүмкіндіктері таныстырылды.

Мемлекет басшысы ғылым мен жаңа технологияларды дамыту ісіндегі ғарыш өнеркәсібінің маңыздылығын атап өтті.

– Менің тапсырмам бойынша француз тарапымен бірлесіп жасанды жерсерігін құрастыратын зауытты іске қостық. Жуырда өзіміздің жерсеріктерімізді құрастыруға кірісеміз. Бізде зымыран ұшыратын құрылымы бар, 2022 жылға қарай «Зенит» зымыраны дайын болады. Осылайша, ғарыш өнеркәсібіміз жаңа технологиялық деңгейге көтеріліп, Қазақстан толыққанды ғарыш державасына айналатын болады, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

«Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық ғарыш орталығының аумағында орналасқан музейге дәл өлшемде жасалған «Союз», «Протон», «Зенит» зымыран-тасығыштары орнатылды, жақын арада «Боран» орбитааралық кемесінің макеті қойылады, экспозиция маңындағы аймақ абаттандырылды.

Сондай-ақ, кешен аумағында зымырандардың техникалық сипаттамасы, жасалу және пайдалану тарихы туралы барлық мәліметтер көрсетілген арнайы ақпараттық стендтер қойылды.

Ашық аспан астындағы музейдегі танымал макеттер жөнінде айта кетсек, «Союз» – «Королевтің жетілігі» деп аталып кеткен Р-7 жинақтамасының ең танымал зымыраны.

Ал, «Протон» – автоматты ғарыш аппараттарын Жер шарының орбитасы мен әрі қарай ғарыш кеңістігіне шығаруға арналған ауыр санатты біржолғы зымыран-тасығыш. «Протон» зымыран тасығышы барлық кеңестік және ресейлік орбиталық станция мен «Мир» станциясының модульдері және халықаралық ғарыш станцияларын шығару құралы. Оның көмегімен «Глонас» жерсеріктік жүйе кеңейтіліп, «Экспресс» сериялы жерсеріктер ұшырылады.

2-бет



Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Ұлттық домбыра күніне арналған концертке барды. Елбасы елорда тұрғындары мен қонақтары алдында сөйлеген сөзінде барша қазақстандықтарды Ұлттық домбыра күнімен құттықтап, бұл музыкалық аспап қазақ халқының мәдениеті мен тарихында айрықша орын алатынын айтты.

ҰЛТТЫҚ АСПАП ДӘРІПТЕЛГЕН КҮН

– Жақында менің Жарлығыммен шілденің бірінші жексенбісі Ұлттық домбыра күні деп жарияланғанын білесіздер. Бүгін бұл мерекені еліміздің барлық өңірі атап өтуде. Домбыра – қазақтың жаны, рухы, тарихы, салт-дәстүрі, бүкіл бітім-болмысы, – деді Қазақстан Президенті.

Елбасы бүгінде домбыра қазақтың бренді болып саналатынын атап өтті.

– «Рухани жаңғыру» бағдарламасы арқылы ұлттық мәдениетімізді әлемге таятуға домбыра ерекше үлес қосады. Құрманғазы мен Дәулеткерейдің, Тәттімбет пен Сүгірдің, Қазанғап пен Динаның күйлері – төл мәдениетіміздің бірегей үлгілері, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы домбыра мен күйдің ЮНЕСКО шешімімен адамзаттың материалдық емес мәдени мұраларының тізіміне енгенін айтты.

– Біздің мәдени құндылықтарымыз бен дәстүріміз қос шектең үні мен күмбірілеген күй арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Ұлттық домбыра күнінің Астанада – тәуелсіз Қазақстанның жүрегінде дүниеге келуінің символық мәні бар, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Сонында Мемлекет басшысы Ұлттық домбыра күні өскелең ұрпақтың қасиетті домбыраға, ұлттық өнерге деген құлшынысын арттыра түсетініне сенім білдірді.

«Қазақ елі» алаңында өткен іс-шара барысында дирижер Айтқали Жайымовтың жетекшілігімен 2 мыңнан астам өнерпаз бір оркестр ретінде домбырамен қазақтың белгілі күйлерін орындады.

Концерттен кейін Қазақстан Президенті қолданбалы өнер туындыларының көрмесін аралап көрді.



6 ШІЛДЕ – АСТАНА ҚАЛАСЫ КҮНІНЕ ОРАЙ ӨТЕТІН ІС- ШАРАЛАРДЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Футболдан мемлекеттік қызметшілер арасындағы спартакиада, 2-5 шілде аралығы, сағат: 18.00, Қызылорда қаласындағы «Локомотив» стадионы.

2. Астана күніне орайластырылған Патриоттар форумы, 4 шілде сағат: 10.30, ҚР Тұңғыш Президент саябағы.

3. «Ел жүрегі – Астана» тақырыбында республикалық ғылыми тәжірибелік конференция, 4 шілде сағат: 11.30, ҚМУ-дың Студенттер сарайы.

4. «Отанымыздың жүрегі, Тәуелсіздігіміздің тірегі – Астана» мәдени шара, 6 шілде, сағат: 10.00, Қызылорда қаласындағы Өнер арбаты.

5. «Астанам – мақтанышым» жас суретшілер байқауы, 6 шілде, сағат: 10.00, Қызылорда қаласындағы Өнер арбаты.

6. «Сәлем, Астана!» атты мерекелік концерт, 6 шілде, сағат: 17.00, А. Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйі.

7. «Жайнай бер, Астана» мерекелік концерт, 5 шілде сағат: 20.00, Арал аудандық мәдениет үйі.

8. «Әлемді таңқалдырған Астана» мерекелік іс-шара, 5 шілде сағат: 20.00, Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті, орталық алаң.

9. «Астанам – ару қалам – асқар ордан» салтанатты жиыны, 5 шілде сағат: 17.00, Жалағаш аудандық мәдениет үйі.

10. «Астана – елдің алтын шаңырағы» мерекелік іс-шара, 6 шілде сағат: 10.00, Сырдария аудандық мәдениет үйі.

11. Астана қаласының 20 жылдығына орай велшеру, 6 шілде сағат: 10.30, Сырдария ауданы, Орталық алаңнан А.Тоқмағамбетов ауылдық округіне дейін.

12. «Әнім саған, Астана» мерекелік концерт, 6 шілде сағат: 19.00, Шиелі ауданы, орталық алаң.

13. «Астана ұлы дала Елордасы» мерекелік іс-шара, 6 шілде сағат: 20.00, Жаңақорған ауданы, орталық алаң.

14. «Айбынды ордан – Астана» мерекелік мәдени көпшілік шара, 6 шілде сағат: 17.00, Қармақшы ауданы, орталық алаң.

**БИЗНЕСТІҢ
БЕРЕКЕСІ
ЕЛГЕ ОРТАҚ**
2

**ТАРИФ
НЕГІЗСІЗ
ӨСПЕЙДІ**
3

**СЫРДАҒЫ
ҰЛТТЫҚ
РУХ
САЛТАНАТЫ**
4

MEMORANDYМ
**ТҮЛЕКТЕРГЕ
БІЛІМ
ГРАНТЫ
БӨЛІНЕДІ**

Астана қаласында Қызылорда облысының әкімдігі мен Еураз ЭО Парламентаралық Ассамблеясы жанындағы университет арасында әріптестік туралы меморандумға қол қою рәсімі өтті. Келісімге сәйкес университет қызылордалық мектеп бітірушілерге жыл сайын білім гранттарын бөлетін болады.

Кездесу аясында Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев аймақта жоғары сұранысқа ие мамандықтар бойынша студенттерді оқытып, жұмыспен қамту бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтты.

– Ұлттық бірнұғай тәстілеудің орташа балы бойынша біздің облысымызда 5 аймақтың қатарында, ал 5 жыл бұрын соңғы 16-шы орында болатын. Ресейдің жетекші техникалық университеттерімен тығыз байланыс орнатудың арқасында бүгінгі күні 452 мектеп бітіруші Мәскеу және Санкт-Петербург қалаларында үздік жоғары оқу орындарында білім алуға. Биыл студенттердің алғашқы легі диплом алады, олардың жұмысқа орналасу мәселесін алдын ала пысықтап жатырмыз, – деді аймақ басшысы.

Өз кезегінде университет ректоры Ерлан Ысқақов ЕуразЭО Парламентаралық Ассамблеясы жанындағы университет туралы айтты. Осыдан 20 жыл бұрын құрылған университет құрамында 3 институт, 4 факультет пен 17 кафедра бар. Негізгі мамандықтары – «Бизнес-информатика», «Юриспруденция», «Сервис», «Туризм», «Экономика», «Менеджмент», «Кеден ісі», «Жарнама және жұртшылықпен байланыс», «Конфликтология», «Дизайн», «Қолданбалы көркемөнер және ұлттық кәсіпшілік», «Сауда ісі», «Психология».

– Қызылорда облысы алғашқылардың бірі болып кадрларды дайындау саласында әріптестік орнату бойынша ұсынысымызға келіскеніне өте қуаныштымыз. Қазіргі таңда мамандарды даярлау мәселесінде жеке көзқарас тиімді. Биыл университетімізде қосылған жаңа бағыттардың бірі – бизнес-информатика. Бұл мамандық аясында студенттер цифрлық экономика дамыған заманда өзекті салалардың бірі – блокчейн мен криптовалюталарды зерттейтін болады, – деді Ерлан Ысқақов.

Сонымен қатар, университет өкілдері қызылордалық мұғалімдер мен ғылыми қызметкерлерді Нобель сыйлығының лауреаты Жорес Алферов басқаратын Еуразиялық ғылыми форумға қатысуға шақырды. Форум жыл сайын күзде ТМД елдерінің қатысуымен өтеді.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев пен ЕуразЭО Парламентаралық Ассамблеясы жанындағы университет ректоры Ерлан Ысқақов қол қойған меморандум аясында тараптар бірлескен іс-шаралар мен жобаларды қолға алып, университет оқуға түсу сынақтарынан сәтті өткен қызылордалық түлектерге жыл сайын 10 грант бөлетін болады.

2014 жылдан бастап Мәскеу болат және қорытпалар институты, Санкт-Петербург өсімдік полимерлері мемлекеттік технологиялық университеті, К.А.Тимирязев атындағы Ресей мемлекеттік аграрлық университеті мен И.М.Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университеті қызылордалық түлектерді аймақта қажетті мамандықтар бойынша оқыту үшін гранттарды бөліп келеді.

Сонымен қатар, быылдан бастап қызылордалық жастар үшін «Киберқауіпсіздік» және «Математикалық процестерді модельдеу» мамандықтары бойынша М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің магистратурасына 20 грант бөлінетін болады.

Одан бөлек, сырбайлық жастарды Қазан қаласындағы «Инополис» университетінде оқыту туралы келісім жасалды, Мәскеудегі «Сколково» инновациялық орталығымен әріптестік орнату жоспарлануда.

Сондай-ақ, жыл сайын облыс әкімінің гранттары есебінен ауылдық жердегі аз қамтылған отбасылардан шыққан 100-ге жуық жас білім алып жатыр, қазіргі таңда грант иелерінің саны 700-ге жетті. Биыл грант саны 200-ге жеткізіліп, оның 70%-і ақпараттық технологиялар саласындағы мамандықтарға бағытталатын болады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

АЛҒАШҚЫ АСТАНАДАН АЙРЫҚША ТАРТУ

1-бет



«Зенит» – негізгі орта санатты, екі сатылы зымыран тасығыш. Алғашқы ұшырылымы 1985 жылдың 13 сәуірінде жүзеге асырылды. «Зенит» – толығымен автоматтандырылған және ұшырылым құралында персоналдың болуын қажет етпейтін алғашқы әрі жалғыз әмбебап кешен. Бұл зымыранды тіпті 80-90 жылдары «21 ғасырдың ракетасы» деп атайтын.

«Зенит» ұшырылым кешенінің негізінде «Бәйтерек» ресей-қазақстандық бірлескен жоба жүзеге асырылатын болады деп жоспарланады.

«Боран» – «Энергия-Боран» бағдарламасының аясында жасап шығарылған көпмәртеулік орбиталды ғарыш кемесі. «Энергия-Боран» халықаралық ғарыш станциясын жасау кеңес дәуіріндегі ең ауқымды бағдарлама болатын. 18 жыл ішінде ғарыш станциясын 86 министрлік пен ведомство жанындағы 1286 кәсіпорынның миллионнан астам қызметкері әзірледі, мемлекеттің ең ірі ғылыми-өндірістік орталықтары

осы жұмысқа тартылған. «Боран» космопланын қондыру үшін «Байқоңыр» ғарыш айлағында күшейтілген ұшырылу-қону жолағы бар «Юбилейный» аэродромы арнайы салынды.

Жобаны жүзеге асырудың екінші кезеңінде Қорғаныс жә-

не аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі музей мен планетарийдің құрылысын салуды жоспарлап отыр

Осы күні Мемлекет басшысы жаңадан ашылған «Almaty bala-

baqshasy» балабақшасына барды. Қазақстан Президенті Астана қаласының сол жағалауында орналасқан 240 орындық жаңа балабақшаны аралап көрді. Бұл білім мекемесінде балалар шығармашылығын дамытып, олардың демалысын ұйым-

дастыру үшін музыка залы мен ойын алаңдары бар.

Мемлекет басшысы елорданың жаңа нысандарымен танысу барысында Астана қаласының сол жағалауында орналасқан ботаникалық баққа барды.

Қазақстан Президенті «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының өкілдерімен әңгімелесіп, бас қаланы және бүкіл Қазақстанды көгалдандыру үшін жүргізілген жұмыстардың маңыздылығын атап өтті.

Нұрсұлтан Назарбаев ботаникалық бақтың ортасында орналасқан оранжереяны аралап көріп, оны отандық және халықаралық мамандандырылған институттардың ғылыми әлеуетін пайдалана отырып әрі қарай дамыту қажеттігін айтты.

Таныстырылым рәсімі кезінде Мемлекет басшысы елорданың көшірліу тарихы мен жаңа астананы салудың негізгі кезеңдері жөнінде айтты.

– Астана төңірегінде орман еспейді деп үнемі айтылатын. Бірақ, бүгінде мұндағы 83 мың гектар жерге отырғызылған ағаштардың биіктігі 20-25 метрге дейін жетті. Жыл сайын орман алқабының аумағы 5 мың гектарға ұлғайып келеді. Осы орманды «Шортанды-Бұрабай саяжай аймағымен» қосқымыз келеді, – деді Президент.

Бақ аумағында велосипед жолы, жүгіруге арналған жолақ, спорттық жабынды, жаяу жүргіншілерге арналған көпір және жасанды су қоймасы бар. Көгалдандыру аумағының жалпы көлемі 613 мың шаршы метрден асады. Мұнда Еуропа, Азия және Солтүстік Америка елдерінен әкелінген алуан түрлі бұталы өсімдіктер мен ағаштар бар.



ҮЗДІКТЕРДІҢ МЕРЕЙІ ҮСТЕМ

Абылайхан атындағы жоғары колледжде «WorldSkills Kazakhstan-2018» ұлттық чемпионатының облыстық және аймақаралық кезеңінен жеңімпаз атанған студенттерді марапаттау шарасы өтті. Салтанатты жиынға облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов қатысып, республикалық кезеңге жолдама алған жастарға диплом табыстады. Қазіргі нарықтық қоғамда кәсіби-техникалық білім беру ісін жетілдіру, білікті кадр дайындау маңызды. Руслан Рүстемұлы бұл жоба ұлттық экономиканың кәсіби мамандарға деген сұранысын өтейтінін, жұмысшы мамандықтарының беделін көтеретінін атап өтті.

Жұмысшы мамандық иелерінің мәртебесін арттыруға арналған халықаралық чемпионатқа біздің ел 2015 жылдан бері қатысып келеді. Дүние жүзінің 77 мемлекетінде қолдау тапқан әлемдік байқауға қатысушылар республикалық іріктеу сынында 50 кәсіп бойынша бақ сынады. Осы кезге дейін облыстағы техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары 17 мамандық бойынша ең мықтыларды іріктеген. Атап айтсақ, «Дәнекерлеу технологиясы», «Аспаз ісі», «Кірпіш қалау», «Электромонтаждау», «Желілік және жүйелілік басқару», «Кімдер дизайны және модельдеу», «Веб дизайн», «Шаштараз өнері», «Слесарлық ісі», «Жеңіл автокөліктеріне қызмет көрсету», «Сантехника және жылыту», «Графикалық дизайн», «Құрғақ құрылыс», «Кондитер ісі», «Гид-экскурсовод» мамандығы бойынша үздіктердің мерейі үстем болды.

Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы».

Инклюзивті білім – өмір қажеттілігі



Инклюзивті білім беру – бүгінгі таңда әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе. Бұл балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды талап етеді. Ал елімізді әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына кіргізу үшін инклюзивті білім беруді 2020 жылға дейін 70 %-ке жеткізу жоспарланған.

«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы жанындағы «Қазақстан – 2021: Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық» Сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру бойынша «Білім» бағытындағы аймақтық комиссия мүшелері өңірде осы мақсаттағы жұмыстардың орындалуын талқыға салды.

Жалпы психологиялық – медициналық - педагогикалық консультациялардың 2017-2018 оқу жылына берген есебі бойынша, өңірде 6936 мүмкіндігі шектеулі бала тіркеуге алынған. Олардың 2041-і 6 жасқа дейінгі бүлдіршіндер болса, 4895-і – 7 мен 18 жас аралығындағы балалар. Нақты кезеңде мектепке дейінгі жастағы балалардың 33,6%-і балабақшамен, мектеп жасындағы балалардың 52,7% жалпы орта және арнайы білім берумен қамтылып отыр.

Жиын барысында облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Бағдат Бердәулетов инклюзивті білім беруге бейімделген балабақша, орта мектеп, арнайы мектеп, қосымша дайындық орталығы және орта арнаулы оқу орындарына бақылау жасап, кейбір білім ошақтарынан анықталған кемшіліктерге қатысты ұсыныстарды тиісті органдарға жолдады.

– Ерекше білім алу қажеттілігі бар балалардың арнайы мамандары жоқ мектептерде білім алуы бағдарламаны игеруіне әсер етері даусыз. Осының салдарынан соңғы кездері үйден білім алатын оқушылар саны да көбейіп кетті. Мәселен, 2015 жылға дейін үйден білім алатын балалардың басым бөлігі жүрек, бүйрек, бауыр, лейкемия секілді соматикалық сырқаттармен ауыратын болса, бүгінгі күні психикалық дамуы тежелген, көру, есту, сөйлеу қабілеті бұзылған балалар да білім алуға, – деді облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары.

Жиын барысында арнайы мамандар тапшылығы сөз болып, мәселені шешудің жолдары талқыланды.

Айта кету керек, бұған дейін комиссия мүшелері партияның «Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында үкіметтік емес ұйымдар, мемлекеттік органдармен бірлесіп, қаладағы инклюзивті білім беруге бейімделген балабақша, орта мектеп, арнайы мектеп, қосымша дайындық орталығы және орта арнаулы оқу орындарына бақылау жасап, кейбір білім ошақтарынан анықталған кемшіліктерге қатысты ұсыныстарды тиісті органдарға жолдады.

«СБ» ақпарат.



БИЗНЕСТІҢ БЕРЕКЕСІ ЕЛГЕ ОРТАҚ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев жаппай кәсіпкерлікті дамытуды Үкімет жұмысындағы басым бағыттардың бірі ретінде белгілеп, сол арқылы халықты жұмыспен қамтуды тапсырғаны белгілі. Осыған байланысты қазір аймақтарда ауқымды жұмыстар қолға алынды. Соның бір мысалы ретінде облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың бастамасымен аймақта осы жыл «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» болып жарияланды. Осы бағыттағы бастамалар аудандарда жалғасып жатқанын да айта кетейік. Саланы дамытуда Жаңақорған ауданында жүйелі жұмыстар жүзеге асуда.

Кәсіпкерлер палатасының Жаңақорған аудандық филиалы мамандары жыл басынан бері 384 адамға мемлекеттік бағдарламалар бойынша 1257 кеңес беріп, 215 бизнес-жоспар әзірледі. Сонымен қатар «Бизнес-Кеңесші» жобасы аясында 102 азамат оқып, инновациялық жобаларға арналған грантқа 75 кәсіпкер қатысты.

Мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдау арқылы кәсіп бастағысы келетін азаматтар қатары аз емес. Сонымен қатар, кейбір ауыл тұрғындарының белсенділігі төмен болып тұрғанын да айта кетейік. Мысалы, осы шараларға Қосүйеңкі, Қаратөбе, Қожаберді, Манап ауылдары тұрғындары қатыспай қалған.

«Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасын» іске асырудың 1-бағыты бойынша аудандық жұмыспен қамту орталығы арқылы техникалық және кәсіптік білімі бар 102 жұмыссыз азамат тартылып, 5 мамандық бойынша кадрларды қайта даярлауға арналған 3 айлық оқу курсы оқыды.

Бағдарламаның II бағыты «Бастау-Бизнес» жобасы шеңберінде аудан әкімдігімен бірлесіп атқарылған жұмыстар нәтижесінде бытыр 195 азамат оқып, олардың 147-сі жобаларын сәтті қорғап шықты. Бүгінде 115 азамат несие алып, өз кәсіптерін жүргізуде. Біздің аудан ісін жаңа бастаған азаматтардың жобасын қаржыландыру жағынан облыс бойынша алғашқы орында. Негізгі меже оқығандардың 20 % қаржыландыру болса, жоспар артығымен орындалып, көрсеткіш 58,9 % құрап отыр.

Осы жылы аудан бойынша 250 азамат оқытылуы тиіс. Жобаға қатысуға 280 азамат тіркеліп отыр.

Жобаның бірінші тобында 60 азамат өтініш беріп, 48-і тесттен сәттен өтті. Алғашқы топтан 37 азамат жобасын қорғап, қаржыландыруды күтіп отыр. Екінші кезеңде өтініш берген 56 азамат оқытылуға. Дегенмен, қазірдің өзінде талапты сақтамаған 5 азаматты оқудан шеттетті.

«Бастау-Бизнес» бойынша ауылдық округтер арасынан Кейден, Сұнақата, Төменарық, Түгіскен, Шақия, Әділбаптар елді мекендерінің азаматтары көптеп қатысуда.

Биыл аудан көлемінде аудандық кәсіпкерлер палатасының сүйемелдеуімен барлығы 339,2 млн теңгені құрайтын 91 жоба қаржыландырылды. «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымы құны 118,2 млн теңге болатын 38 жобаны қаржыландырды. «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ құны 98,1 млн теңгелік 41 жобаға қаржы бөлді.

«Қамқоршы» несие серіктестігі арқылы құны 87,9 млн теңгені құрайтын 10 жоба, «Бизнесің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша екінші деңгейлі банктер арқылы құны 35 млн теңгені құрайтын 2 жоба қаржыландырылса,

38 млн теңгені құрайтын 3 жобаның құжаттары Халық және АТФ банктерінің қарауына ұсынылды. Инновациялық грант бойынша 75 кәсіпкер өз жобаларын ұсынып, 19 жоба оң қорытынды алды. Жобаларға қаржы бөлу арқылы жалпы саны 109 адам жұмыспен қамтылды.

Бұл бағытта Жайылма, Әділбаптар ауылдарының тұрғындары белсенділік танытса, Қожаберді, Өзген, Қосүйеңкі ауылдары тұрғындарының қатысуы төмен болып отыр.

Сонымен қатар, «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ талабына сәйкес аудандық кәсіпкерлер палатасының сүйемелдеуімен аудан бойынша 70 жобаның құжаттары толық ұсынылып, 193 млн теңге көлемінде қаржыландыруды күтіп отырмыз.

Олардың арасында қой шаруашылығы, құс өсіру, шлакоблок өндірісі, ағаш бұйымдарын жасау, тігін цехы, наубайхана, монша, шаштараз ашу секілді жобалар басым.

Кәсіпкерлер палатасы тарапынан ауданда ауылшаруашылық өндірістік кооперативін құру бойынша барлық ауылдық округтерде түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Осы жылы аудан көлемінде 4 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі құрылып, оларға кәсіпкерлер палатасы қолдау жасады.

Осылармен қатар, жастарға кәсіби бағдар беру шараларын да белсенді жүргізудеміз.

Жаңақорған аграрлық-техникалық колледжінің 3 мамандығы дуалды оқыту «Жол картасына» еніп, «эксперименталды алаң» статусына алды. Нәтижесінде колледж және 16 кәсіпорын 75 студентпен ұшжақты келісім-шарттар жасап, өндірістік оқулар мен кәсіптік практикалар ұйымдастыруда. Жобаларын өзіміз сүйемелдеп,

жаңадан ашылған кәсіпкерлік нысандарына мектеп оқушыларын, колледж студенттерін апарып, жұмысымен таныстырып, кәсіпкерлермен кездесу ұйымдастырамыз. Бүгінгі күнге дейін мұндай шараларға 411 жас қатысты.

Палата филиалының бастамасымен Жаңақорған аграрлық-техникалық колледжі базасында Студенттік бизнес-инкубатор құрылды. Ол үшін колледж басшылығы арнайы кабинет бөліп, 2017-2018 оқу жылында 20 сағат көлемінде «Кәсіпкерлік қызмет негіздері» факультативтік сабақ өткізіліп, студенттерге табысты бизнес құру және оны дамыту бойынша әдістемелік көмек көрсетілуде.

Биыл аймақ басшысының қолдауымен Ресей мемлекетінде оқып жатқан Сыр жастарының алғашқы легі оқу бітіріп, елге маман болып оралады. Осы бағытта аудан әкімдігімен бірлесіп, оларды Жаңақорғандағы кәсіпорындарға орналастыру бағытында жұмыстар жүргізілуде.

Сондай-ақ, осы жылы Елбасының «Алтын сапа» сыйлығы мен «Қазақстанның үздік тауары» көрме-конкурсінде біздің аудан кәсіпкерлері де бақ сынап отыр.

Сондай-ақ, осы жылы Елбасының «Алтын сапа» сыйлығы мен «Қазақстанның үздік тауары» көрме-конкурсінде біздің аудан кәсіпкерлері де бақ сынап отыр.

«Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» бастамасы осы үміттің үлгілі іске, сенімнің серпінді тірлікке айналуына дем береді.

Марлен НҰРТАЗАЕВ, облыстық кәсіпкерлер палатасы Жаңақорған аудандық филиалының директоры.

BAIQAY “BUSINESS LADY QAZAQSTAN” – ІСКЕРЛІК ӘЛЕМІНЕ ЖОЛ

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұлттық дәстүрге, тарихқа және мәдениетке қызығушылықты арттыру мақсатында облыста «Business Lady Qazaqstan» байқауының алғашқы кезеңі өтті.



Әйелдер арасында кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу, белсенді өмірді насихаттауға бағытталған шаһарада 15 қыз-келіншек бақ сынады. Сайыстың үш кезеңі бойынша «Сырғалым» той орталығының және шағын отбасылық бизнестің иесі Баян Бектұрғанова үздік деп танылды. Айта кетейік, жоба жеңімпазы қазан айында Астана қаласында өтетін республикалық конкурста облыс намысын қорғайды.

Рәпін ТӨЛЕП, Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың 2-курс студенті.

ULTTYQ DOMBYRA KUNI

Ұлт аспабы ұлықталып, қазақ өнерінің мәртебесін биіктеткен мереке Сыр сұлейлері аллеясынан бастау алды. «Рухқа ұран – домбыра» атты мерекелік шарада жүз домбырашы бір мезетте күй тартып, Түркештің «Көңілшар» күйіне Құрманғазының «Адай», «Сарыарқа», «Балбырауын», Ә.Желдібаевтың «Ерке сұлқым» жалғасып, Қорқыт даласы күмбірлеген күйге тұнды. Облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов көпшілікті Ұлттық домбыра күнімен құттықтап, бұл аспап қазақ елінің символы екенін айтты.



Домбыра сөзі көне шумер тілінен аударғанда «кішкентай садақ» деген мағына береді екен. Оның шаңағынан шапшып шығып, көңіл толқынын тап басатын қоңыр ұн – қазақтың ұлттық рухы, бітім болмысы. Сондықтан, қазақ пен домбыра егіз ұғым ретінде ел есінде ескірмей келе жатыр.

СЫРДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХ САЛТАНАТЫ

Ұлттық домбыра күнін бекіту ұлт мәдениеті мен бірегейлікті сақтау және қайта жаңғырту идеясын одан әрі нығайтуға ықпал етеді. Бұл ішараның форматы ұлттық аспапта ойнай алатын әуесқойлар мен кәсіби шеберлерді кеңінен қамтулы көздейді. Мұндай бейресми формат, төл фестиваль өнердің дамуына серпін беріп, еліміздің мәдени картасында елорда күніне орайластырылған айтулы музыкалық оқиға болмақ. Көмейінен күмбірлі күй төгілген қазақ аспабының күні енді дәстүрлі түрде жыл сайын аталып өтетін болады. Ұлт құндылығын жас ұрпақ жатынбасын деген ниетіміз де, тілегіміз де бар, – деді Руслан Рүстемұлы.

күйі төгіліп, сахнада ұлттық рух салтанат құрды. Домбыра күні – халықтың рухани сұранысына сәйкес келген мереке. Елбасы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын темірқазық етіп, елдің санасына сіңіру үшін бұл шараны жыл сайын атап өтуді бекітті. Аймақтық «Рухани жаңғыру» орталығының жетекшісі Нұрлыбек Мыңжас елді тек саяси мүдде, саяси идея, оқиғалар емес, ұлттық өнер де ұйыстыра алатынын айтады. «Енді біз домбыраға ерекше көзқараспен қарауымыз керек» дейді ол.

Елімізде орындаушылық өнер жақсы дамыған. Біз енді тыңдаушы аудиторияны дайындауымыз керек. «Әрбір күй неден шықты, кім шығарды» деген ақпарат шалақ болған соң кейбір жасөспірімдер күйді ырғағынан ұғып, жете түсіне алмайды. Айталық, Құрманғазының «Кісен

ашқан» күйінің, «Нар идіргеннің» неден туындағанын білмейтіндер бар. Тыңдаушы әрбір күй мен жырдың тарихынан хабардар болса ғана ұлттық өнер өлмейді. Сондықтан бұл мерекені ұлтқа деген жанышарлық, киелі өнерге деген құрмет деп есептеймін, – дейді ол.

Мерекелік кеште «Нұртұғаннан термесін» орындаған жырару Шолпан Бимбетова:

– Домбыра – ұлтпен бірге жасайтын аспап. Біз ше теге шыққанда ұлттық өнерімізді, өзіміздің кім екенімізді домбыра арқылы таныта аламыз. Қорқыттың елінде домбыра шертіп көрмеген жан жоқ деп ойлаймын, сондықтан сұлейлердің мекені – Сырда «төрінде жырару жырласын» деген ізгі тілек бар, – дейді.

Шараға домбырашылар Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазанғап атындағы

музыкалық колледж және қалалық мектептерден жиналған. Солардың арасынан он-он бір жастағы Нұрғиса, Мәришат Сәтбаймен тілдестік. Бір жыл бұрын мәдениет үйіндегі домбыра үйірмесіне жазылған бір үйдің балалары бүгінде онға жуық күй тартып алады екен. Демек, ұлттық аспапты үйрену балаға да ауыр емес. «Менің атым Нұрғиса болған соң домбыраны міндетті түрде үйренгім келді» дейді кішкентай Нұрғиса.

Расыммен, заман өзгереді, бірақ ұлт мәдениеті дәуірден-дәуірге өтеді. Елдің сан тараулы тарихы, ұлт ұпайын түгелдеген тулғары да жыл өткен сайын қайта жаңғырады. Соның айқын дәлелі – ұлт рухын көтерген, Алаш мұрасының абыройын биіктеткен «Ұлттық домбыра күні» болмақ.

Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы».

СӘБИГЕ СЫЙ ЖАСАЛДЫ

Ал, 1 шілде күні бүкіл қазақ осы аспаптың мерейін асқақтатып, Ұлттық домбыра күнін дүркіретіп тойлады. Қызылордалықтар да рухани жаңғыру көрінісі саналатын мерекені өзгеше атап өтті.

Ұлттық домбыра күні қарсаңында Ана мен бала орталығында облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының ұйымдастыруымен «Балалардың көзін сен, домбыра» атты акция өткізілді. Оған облыстық ҚХА, денсаулық сақтау басқармасы, этномәдени бірлестіктердің мүшелері қатысып, керемет шараға куә болды.

Акция барысында облыстық ҚХА хатшылығының меңгерушісі Ләйла Төрешова құттықтау лебізін айтып, дәл осы күні өңірімізде бірінші болып дүние есігін ашқан нәрестеге домбыра тарту етті. Сәбидің анасына «Айналайын» атты естелік тілегін табыстап, мерекені құттықтады. ҚХА жанындағы аналар кеңесінің төрайымы Раиса Самаханова домбыраның ұлттық тәрбие төңірегіндегі маңыздылығын тілге тиек етті.

Елімізде алғаш рет аталып өтіп отырған Ұлттық домбыра күні туған сәбиге жасалған сый баланың рухани қалыптасып, дәстүрді дәріптеп өсетін азамат болуына әсер етеді даусыз.

Айдар САЙЛАУОВ, Қорқыт ата атындағы ҚМУ студенті.

«Саган Дали» табиғи капсұласы – өміріңізді сақтап, денсаулығыңызды нығайтады! Ел ішінде айтылған аңыздарға сенер болсақ, жауды жеңіп, жеңіспен оралған жауынгерлер Саян қыратына нәзізаларын қадап, өз бойындағы күш-жігерлерін жерге береді екен. Көп ұзамай, нақ осы жерге адам ағзасына күш пен саулық сыйлайтын саган-дали өсімдігі өсіп шығады. Оның ерекше сипаты өсірі бар екені жиі айтылады. Сондай-ақ, шамандар мен халық емшілері бұл өсімдікті түрлі ауруларды емдеуде науқастарға арналған арнайы ретинальдарында қолданып келеді.

Бүгінгі медицина тұрғысынан алып қарасақ, «Саган Дали» өсімдігінен жасалған капсұла керемет қуатандырығыш зат. Ол адам ағзасына күш-қуат беріп, аяқ-қолдан арылтады, түрлі ауру-сырқаудан қорғайды. «Саган Дали» капсұласы көне Сібір емшілерінің білімі негізінде айрықша рецепт бойынша дайындалған. Заманауи технологияларды қолдану арқылы жасалған капсұла күрмында өсімдіктің барлық табиғи компоненттері мен пайдалы қасиеттері сақталуымен қатар, ағзаға кері әсер тигізуі ықтимал спирт, қант және өзге де консерванттар жоқ. Капсұла құрамындағы табиғи композицияның негізгі компоненті – «Саган-Дали» дәрілік шөбі болып табылады. «Саган Дали» капсұласын арнайы түйілген схема негізінде қабылдау арқылы ағзаның энергиясын қуаттандырып, ұйқыны тыныштандырып, ауруға қарсы тұратын иммунитет қалыптастыруға болады. Сондай-ақ, ағзаны табиғи дәрмендерге байытып, оның қалыпты жұмыс істеуіне ықпал ететін қажетті микроэлементтермен қамтамасыз етеді. Оны тіпті қатерлі ісік (онкологиялық) ауруларының алдын алуға және қосымша ем-дом ретінде де қолданады. «Саган Дали» табиғи композициясы адам ағзасындағы аурудың негізгі себепін анықтап, соған қарсы әсер етуден бірге, көптеген жанама кеселдерге де көмектеседі. «САГАН ДАЛИ» КАПСУЛАСЫН МЫНАДАЙ АУРУ ТҮРлеріне ҚОЛдануға БОЛАДЫ: - қан қысымын реттеу үшін, тіпті созылмалы гипертонияда да; - қан айналымын реттеу және қалпына келтіру; - жас ұлғаюына байланысты түрлі өзгерістерге қарсы; - қант диабетіне; - ми қызметінің бұзылуына; - жүрек-қан тамыры қызметі бұзылуына қарсы, ағарт айқанда, атеросклероз, инфаркт пен инсульт алу мүмкіндігін жояды; - ісіктік өзгерістердің алдын алады; - қалқанша безі қызметінің бұзылуына; - ағзадағы зақымданған жасушалардың қалпына келуін қамтамасыз етеді; - белсіндікке қарсы, қалпына келтіру өсері жоғары; - көздің керу қабілетінің төмендеуіне; - өкпе мен тыныс жолы мүшелерінің өзгерістеріне; - тірек-қимыл аппараты кеселдері мен артрит, ревматизмге; - жаныс және зәр шығару жүйесі; - бауыр өзгерістері; - ас қорыту органдары мен ұйқы безі қызметінің бұзылуына; - терідегі өзгерістерге (ақпандақ, безу, аллергия, дерматит, псориаз); - ұйқының бұзылуы мен ашушаңдық; - ұмысшақтық пен аутоиммунды ауруларға (аутоиммунды полиартрит, т.б.). «САГАН ДАЛИ» ТАБИҒИ КОМПОНЕНТТЕР ЖИЫНТЫҒЫ АУРУ АҒЗАҒА САУЛЫҚ ДӘННІ СЕУІП, НАУҚАСТЫҒЫ ӨБІРІ ЖАСУШАСЫНА ЖАҢА ӨМІР СЫЙЛАЙДЫ.

БЕРДІҚҰЛОВ БӘЙГЕСІ – «АҚМЕШІТТЕ»

Елордада қазақ спорт журналистикасының негізін қалаған қаламгер, қоғам қайраткері Сейдахмет Бердіқұловты еске алуға арналған дәстүрлі шағын футбол турнирі өтті. Оған еліміздің әр өңірінен БАҚ өкілдері қатысып, журналистердің де доп тебе алатынын көрсетті.



Көп жыл Алматыда өткізіліп келген жарыс еліміздегі орталық басылымдардың, сондай-ақ, телеарналар, интернет сайттардың бас қалада шоғырлануы себепті соңғы уақыттары Астанада ұйымдастырылып келеді. Васты мақсат – «Ұлт саулығы» бағдарламасы аясында ҚР БАҚ арасында футбол ойынын дамыту, БАҚ өкілдері арқылы халықты салауатты өмір салтын ұстануға шақыру. 19 команда қатысқан билғы футбол турнирде бақ сынаған Сыр өңірінің «Ақмешіт» командасы жеңімпаз атанды. Жұлделі екінші орын «Елорда Ақпарат» командасына бұйырды. Ал, үздік үштікті талдықорғандық «Туран» түйіндеді. Турнир аясында үздік ойын көрсеткен ойыншылар арнайы сыйлыққа ие болды. Мәселен, «Үздік шабуылшы» атағын «Ақмешіт» командасының шабуылшысы Әділбек Жақанов ала, «Туран» командасының ойыншысы Азамат Имамбетов «Үздік қорғаушы» аталды. «Елорда Ақпарат» командасынан Азамат Нұрматов «Үздік қапшығы», «Хабар 24» телеарнасынан Жасулан Қасымбекбай турнирдің «Үздік ойыншысы» болды. Спорттық шара сонында Сейдахмет Бердіқұлов атындағы республикалық «Үздік спорт журналисі» байқауының лауреаттары да марапатталды. «Үздік телевизиялық материал» аталымын «Хабар 24» телеарнасының редакторы Лариса Гречихина алса, «Үздік баспа материал» бойынша «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі Әли Битөре және «Айқын» газетінен Жадыра Аққайыр үздік атанды. Ал, ынталандыру сыйлығы «Maifystay»

телеарнасының редакторы Ақсындар Табылдыға бұйырды. Бердіқұлов турнирі 1995 жылдан бері ұйымдастырылып келеді. Мемориалды алғаш ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі ұйымдастырды. 2008 жылдан бастап ҚР Туризм және спорт министрлігі, кейіннен Мәдениет және спорт министрлігі өткізіп келеді. Сондай-ақ, 1995 жылдан бастап БАҚ-та спорт тақырыбында маманданған журналистер арасында С.Бердіқұлов атындағы сыйлыққа республикалық конкурс өткізіп жүр. Н.САҒАТҰЛЫ.

БІЗДІҢ ТҰТЫНУШЫЛАРЫМЫЗ БІЗ ТУРАЛЫ:

Нұрғиса Мүсіреп, 78 жас, Қызылорда қаласы «Саган Дали» бальзамын бір жыл шамасында ішіп ішкі құрылысымыз біраз жақсы өзгерістер болды. «Саган Дали» капсұла түрінде шайқанына қуандым. Өйткені ішкенге оңай, мөлшері анық. Бір курсың бітірдім. Қан қысымым ойнап тұратын, бір қалыпқа тұрақталды. Ұйқым дұрысталды, ішім қалып ма-зам кететін, капсұла ішкеннен кейін ішкі құрылысымыздың жұмысы дұрысталып, өзімді өте жеңіл сезініп жүрмін. Бұрын төбетім мүлдем болмаған, қазір тамақ ішім келіп тұрады. Денсаулығым осындай жеңілдік бергені үшін, «Саган Дали» капсұласына алғысымды білдіремін.

Асия, 50 жас, Алматы қаласы Бір жыл бұрын аяма «Саган Дали» бальзамын алып бердім. Өте жақсы көмектесті. Денсаулығы жақсарып, күш-қуаты артты. Өзімнің жасым 50-де. Әр жерім сыр бере бастады. Бірақ «Саган Дали» бальзамын іше алмадым. Жанында «Саган Дали» капсұласының шыққанын естіп бір курсың алып бітірдім. Мен күтпеген өзгерістер болып жатыр. Жиі басым ауырып, жұмысқа қабілетім төмендеп, сүйектерім қақсап, ішкі құрылысым бұрыс істемей, бейжай болып жүрелімін. Не ішсем де көмек болмады. «Саган Дали» капсұласынан кейін өзімді жеңіл сезініп, күш-қуат пайда болды. Барлық жағынан жақсы өсер берді. Әрі қарап да капсұланы ішуді жалғастырамын. Сіздерге көп рахмет!

Бір қорсақ капсұланың 8 қорабын қабылдау ұсынылады. Бір қорсақтың бағасы – 4000 теңге. 3 қорсақ алсаңыз, 4-ші қорсақша тегін. Мына телефондар арқылы маманнан кеңес алып, тапсырыс беруге болады: 8 702 911 55 55, 8 777 114 13 20, 8 727 327 88 02 «Саган Дали» капсұласының қасиеті және «Кудзу» тамшылары туралы сіз мына күні өткізілетін сатылым көзінде біле аласыз: Қызылорда қаласында 16 шілде күні сағат 10.00-11.00 аралығында Ө.Тәжібаев атындағы кітапханада. Абай даңғылы, 53 Д, 1-қабат, конференц зал.

СЫР ВОЛЕЙБОЛШЫЛАРЫ – ЕЛ ЧЕМПИОНЫ

Елордадан тағы да ақжолтай жаңалық. Сыр елінің жасөспірімдері волейболдан ҚР жазғы чемпионатында сәтті өнер көрсетті. Айтулы жарысқа облыстан 2 команда қатысты.

Он бес команда бақ сынасқан дүбірлі додада облыс намысын қорғаған қос команда жұлделі 1, 2-орындар ие болып, ел жеңімпазы атанды. Ал үшінші орын Жамбыл облысының командасына бұйырды. Сондай-ақ, құрама сапында шеберлік көрсеткен Жанарыс Әлден, Руслан Қалдыбек және жаңа қорғандық Досымжан Әбішев, Айбол Балтабай «Үздік ойыншы» номинациясымен марапатталды. Волейболшылардың жасөспірімдер құрамасының аға жаттықтырушысы Болат Рысмаханов, команданың бас жаттықтырушысы Өтепберген Әбдіраманов және жаттықтырушы Мұрат Мұхамдиев, Идаят Алтынбеков, Батырқожа Бабаев дайындалды. Ел чемпиондары тамыз айында Қызылорда қаласында өтетін ауыл жасөспірімдерінің екінші жазғы ойындарында табысты өнер көрсетіп, нәтижесін еселеуді көздейді. Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ, «Сыр бойы».

ТАРТЫСҚА ТОЛЫ АЛТЫНБЕКОВ ТУРНИРИ

Қызылорда қаласындағы Мұз айдынында волейболдан ұлағатты ұстаз, спорт ардагері Тұрғанбек Алтынбеков атындағы турнир өткізілді.



Топтық ойындар тартысты өтті. Алаңға шырығып шыққан жаңақорғандықтар «Қызылорда-ардагер» командасынан басым түсті. Байқоңыр қаласының құрамасы шиелісі команданы ұтты. «Қызылорда-ардагер» мен Шиелі ауданының командасы үшінші орын үшін тартысты. Бұл кездесуде шиелісіке басым түсті. Финалдық сайыста Байқоңыр мен Жаңақорған командалары бақ сынасты. Тартысты кездесуде Жаңақорғаннан келген команда жеңіске жетіп, турнирдің бас жүлдесін иеленді. Осы күні Тұрғанбек Алтынбеков туралы «Дауылпаз Динамо» естелік кітабының тұсауы кесіліп, жарысты тамашалауға келген көрермендер мен спортшыларға таратылды. Соңынан ас беріліп, дұға бағышталды. Нұрмахан ЕЛТАЙ.

Газеттің келесі саны 6 шілде, жұма күні шығады. Кезекші редактор Назерке Саниязова.

Меншік иесі БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36 БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі тел: 8/7242/ 40-02-17 Бас редактордың орынбасары – 70-00-43 Жауапты хатшы – 70-00-81 Бөлімдер: руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41 экономика – 70-00-41, 70-00-68 әлеумет және саясат – 70-00-73 жарнама – 70-00-49, 70-00-52 есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38, компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34 Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген Тіркеу куәлігі № 12993-ғ, 27.08.2012 ж. Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» – ақылы қызмет. Газет редакцияның компьютер орталығында қатталды, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 28444 Тапсырыс №1022 e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz